

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 3 қарашадағы N 1047 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі Серік Нығметұлы Ахметовке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 3 қарашадағы
N 1047 қаулысымен
мақұлданған

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісім

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі,

Тараптар мемлекеттері арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту қажеттілігін басшылыққа ала отырып,

екі мемлекет арасындағы және олардың аумақтары бойынша транзитпен автомобиль қатынасын жүзеге асыруды жеңілдетуге ұмтыла отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Тараптар осы Келісімге және өздерінің ұлттық заңнамасына сәйкес халықаралық автомобиль қатынасы саласындағы ынтымақтастыққа ықпал етуге, екі мемлекет арасындағы жолаушылар мен жүк тасымалын, транзиттік тасымалды және үшінші елдерге (елдерден) тасымалды жүзеге асыруға келіседі.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген тасымал Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында тіркелген көлік құралдарымен жүзеге асырылады.

2-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мақсаты үшін төмендегі терминдер мыналарды білдіреді:

а) "құзыретті органдар":

Қазақстан тарапынан – Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі;

6, 10 және 14-баптарға қатысты – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлесе отырып;

Армения тарапынан – Армения Республикасының Аумақтық басқару және инфрақұрылым министрлігі;

6, 10 және 14-баптарға қатысты – Армения Республикасының Полициясымен бірлесе отырып.

Жоғарыда аталған құзыретті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген кезде Тараптар дипломатиялық арналар арқылы уақтылы хабардар етілетін болады.

б) "тасымалдаушы" - Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында тіркелген және Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес жолаушылардың немесе жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын орындауға рұқсат берілген кез келген жеке немесе заңды тұлға;

в) "автокөлік құралы":

- жүктерді тасымалдау кезінде - жүк автомобилі, тіркемесі бар жүк автомобилі, автомобиль тартқыш немесе жартылай тіркемесі бар автомобиль тартқыш;

- жолаушыларды тасымалдау кезінде - автобус, яғни жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізуші орнын қоса алғанда, отыруға арналған 9-дан артық орны бар, багажды тасымалдауға арналған тіркемесі болуы мүмкін, меншік құқығында не жалға алу шарты немесе лизинг негізінде тасымалдаушының басқаруында болатын автокөлік құралы;

г) "рұқсат" - Тараптардың бірінің құзыретті органы беретін, Тараптардың бірінің мемлекетінің аумағында тіркелген жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын автокөлік құралының екінші Тарап мемлекетінің аумағы бойынша жүріп өтуіне құқық беретін құжат;

д) "жолаушыларды тұрақты тасымалдау" - Тараптардың құзыретті органдарымен келісілген бағыттар, кесте, тарифтер, тасымалдаушы жолаушыларды отырғызу мен түсіруді жүргізетін аялдама пункттері бойынша жүзеге асырылатын жолаушыларды автобустармен тасымалдау;

е) "жолаушыларды тұрақты емес тасымалдау" - жолаушыларды тұрақты тасымалдау анықтамасына кірмейтін, жолаушыларды автобустармен тасымалдау;

ж) "арнайы рұқсат" - бір Тарап мемлекетінің тасымалдаушысына тиесілі ірі көлемді және ауыр салмақты немесе қауіпті жүгі бар автокөлік құралының екінші Тарап мемлекетінің аумағы бойынша жүруіне рұқсат;

з) "жүктерді каботаждық автомобильмен тасымалдау" – бір мүше мемлекеттің аумағында тіркелген тасымалдаушы басқа мүше мемлекеттің аумағында орналасқан екі пункт арасында жүзеге асыратын жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.04.2024 № 278 қаулысымен.

Жолаушылар тасымалы

3-бап

1. Жолаушыларды екі жақты немесе транзиттік қатынаста автобустармен тұрақты тасымалдау Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары бағыттың олардың мемлекеттерінің аумағы бойынша өтетін учаскесіне беретін рұқсаттарының негізінде жүзеге асырылады.

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары рұқсаттың шарттары мен қолданылу мерзімін, кестені, тарифтерді, тасымалдаушы жолаушыларды отырғызу мен түсіруді жүзеге асыратын аялдама пункттерін, оның ішінде Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерін көрсете отырып, бағыт схемасын уағдаластық негізінде жазбаша нысанда келіседі.

2. Белгіленген бағыттарға сәйкес жолаушыларды автобустармен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру құқығын куәландыратын рұқсатты алуға арналған өтінім Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарына жіберіледі.

3. Өтінім мен рұқсаттың мазмұнын, нысанын Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары белгілейді.

4-бап

1. Жолаушыларды екі жақты және транзиттік қатынаста Тараптар мемлекеттерінің аумағында тіркелген автобустармен тұрақты емес тасымалдау осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген тасымалдарды қоспағанда, рұқсаттар бойынша жүзеге асырылады.

2. Жолаушыларды екі жақты және транзиттік қатынаста автобустармен тұрақты емес тасымалдау, бір ғана құрамдағы жолаушылар тобы бір автобуспен тасымалданғанда, рұқсаттарсыз жүзеге асырылады, бұл ретте:

а) сапар автобус тіркелген Тарап мемлекетінің аумағында басталады және аяқталады;

б) сапар автобус тіркелген Тарап мемлекетінің аумағында басталып, автобустың осы аумақтан бос кетуі шартымен, екінші Тарап мемлекетінің аумағында аяқталады.

3. Сондай-ақ, рұқсат:

а) сол тасымалдаушының жолаушылар тобын бастапқы жөнелту пунктіне осы топ бұрын жеткізілген екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы пункттен кері тасымалдау мақсатында (осы баптың 2-тармағының б) тармақшасында көрсетілген жағдайда) бос автобустардың кіруі үшін;

б) сынған автобусты басқа автобустпен ауыстырған кезде талап етілмейді.

4. Осы баптың 2-тармағында және 3-тармағының а) тармақшасында көрсетілген жолаушыларды тұрақты емес тасымалдауды орындау кезінде автобустың жүргізушісінде Тараптар мемлекетінің құзыретті органдарымен келісілген арнайы нысан бойынша жасалған жолаушылардың тізімі болуы тиіс.

5-бап

1. Автокөлік құралдарымен жүктерді тасымалдау рұқсат болмаса да:

1) Тараптар мемлекеттерінің арасында;

2) екі Тарап мемлекеттерінің аумақтары бойынша транзит арқылы жүзеге асырылады.

2. Уақытша (транзиттік) тіркеу нөмірлері бар, айырым белгілерінсіз бос автокөлік құралдарын межелі жерге айдап бару кезінде де рұқсат талап етілмейді.

3. Үшінші елдерден/елдерге жүк тасымалдары, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің арасындағы тасымалдарды қоспағанда, Тарап мемлекеттерінің құзыретті органдары беретін рұқсаттар негізінде автокөлік құралдарымен жүзеге асырылады.

4. Жүкпен немесе жүксіз ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді автокөлік құралдарының немесе қауіпті жүкпен автокөлік құралдарының жүруге арналған рұқсаттары, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің заңнамасымен және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың құқығымен көзделген өзге де құжаттар электрондық құжат нысанында болуы мүмкін.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2024 № 278 қаулысымен.

6-бап

1. Осы Келісімде көзделген тасымалдарды, өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес халықаралық тасымалдарды жүзеге асыруға рұқсат берілген тасымалдаушылар ғана орындауы мүмкін.

2. Халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын автокөлік құралдарында өз мемлекетінің тіркеу және айырым белгілері болуы тиіс. Жүк автомобильдерінде немесе автомобиль тартқыштарында тиісінше Тараптар мемлекеттерінің тіркеу нөмірлері және айырым белгілері болған кезде, тіркемелер мен жартылай тіркемелерде басқа елдердің тіркеу және айырым белгілері болуы мүмкін.

7-бап

1. Автокөлік құралдарының ең жоғары рұқсат етілетін салмағы, білікке жүктемесі және көлемдері тіркеу құжаттарында көрсетілген өлшемдерден, сондай-ақ болатын елде қолданыстағы ең жоғары рұқсат етілетін өлшемдерден аспауы тиіс.

2. Бөлінбейтін ірі көлемді және ауыр салмақты жүгі бар автокөлік құралдарын болатын елде алдын ала өтінім берілген арнайы рұқсатпен ғана пайдалануға рұқсат етіледі.

8-бап

Қауіпті жүктерді осы Келісім шеңберінде жүзеге асырылатын тасымалдау кезінде Тараптар өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарда және Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасында көзделген барлық талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

9-бап

Бір Тарап мемлекетінің тасымалдаушысына екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан пункттер арасында жолаушылардың немесе жүктердің тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат етілмейді.

10-бап

1. Тараптардың автокөлік құралдарын жүргізушілерде өздері басқаратын автокөлік құралдарының санатына сәйкес келетін ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәліктері және Біріккен Ұлттар Ұйымының 1968 жылғы 8 қарашадағы Жол қозғалысы туралы Вена конвенциясының талаптарына жауап беретін автокөлік құралының ұлттық тіркеу құжаттары болуы тиіс.

2. Осы Келісімге сәйкес талап етілетін рұқсат пен басқа да құжаттар автокөлік құралының жүргізушісінде болуы және Тараптар мемлекеттері құзыретті органдарының талап етуі бойынша көрсетілуі тиіс.

11-бап

1. Осы Келісімнің негізінде тасымалдарды жүзеге асыру кезінде екінші Тарап мемлекетінің аумағына әкелінетін:

а) автокөлік құралының тиісті моделі үшін көзделген, техникалық және конструкциялық жағынан қозғалтқыштың қоректену жүйесімен байланысқан негізгі сыйымдылықтардағы жанармай, сондай-ақ жүк автокөлік құралдарындағы немесе арнайы контейнерлердегі рефрижераторлық немесе басқа қондырғының әрқайсысына екі жүз литр мөлшеріндегі қосымша жанармай;

б) тасымалдау кезінде тұтынуға қажетті мөлшердегі жағармай материалдары;

в) халықаралық тасымалды орындау кезінде автокөлік құралының жарамсыздығы туындаған жағдайда оны жөндеу үшін қажетті уақытша әкелінген агрегаттар, қосалқы бөлшектер және құрал-саймандар кедендік алымдар мен баждардан босатылады.

2. Пайдаланылмаған қосалқы бөлшектер мен құрал-саймандар Тарап мемлекетінен кері әкетілуге жатады, ал ауыстырылған қосалқы бөлшектер кері әкетілуге немесе аумағында осы қосалқы бөлшектерге қатысты кедендік режимнің өзгерісі болатын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес өзге кедендік режимге орналастырылуы тиіс.

3. Бір тарап мемлекетінің басқа Тарап мемлекеті аумағында жолаушылар мен жүк тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушылары көлік құралдарын иеленумен және қолданумен байланысты басқа Тарап мемлекетінің аумағында салықтан, алымдар мен төлемдерден өзара негізде босатылады.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген босату Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының заңнамасына сәйкес және кемсітпеушілік негізде автомобиль жолдарына көлік құралдарымен келтірілген зиянды өтеу есебінен, сондай-ақ автомобиль жолдарын, көпірлер мен тоннельдерді ақылы негізде пайдаланғаны үшін алынатын алымдар мен төлемдерге жатпайды.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.04.2024 № 278 қаулысымен.

12-бап

Осы Келісімнің негізінде жүзеге асырылатын жолаушылар мен жүк тасымалдары автокөлік құралдары иелерінің үшінші тұлғаларға келтірілген залал үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартымен жүзеге асырылады.

Тасымалдаушы көрсетілген тасымалдарды орындайтын әрбір автокөлік құралын алдын ала сақтандыруға міндетті.

13-бап

Жедел медициналық көмекке мұқтаж адамдарды тасымалдау, жолаушыларды тұрақты тасымалдау кезінде, сондай-ақ жануарлар мен тез бұзылатын жүктерді тасымалдау кезінде шекаралық, көліктік, ветеринарлық, фитосанитарлық бақылау мен кедендік ресімдеу жүргізу кезексіз жүзеге асырылады.

14-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің тасымалдаушылары осы Келісімнің ережелерін, сондай-ақ ұлттық заңнаманы, оның ішінде аумағында автокөлік құралы тұрған екінші Тарап мемлекетінің жол қозғалысы ережелерін сақтауға міндетті.

2. Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында жол берілген осы Келісімнің қандай да бір ережесі бұзылған жағдайда автокөлік құралы тіркелген Тарап мемлекетінің құзыретті органы екінші Тарап мемлекеті құзыретті органының өтініші бойынша осы Келісімнің орындалуын қамтамасыз ету үшін қажетті барлық шаралар мен санкцияларды қабылдайды.

Қабылданған шаралар туралы ақпарат екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органына жіберіледі.

3. Осы баптың ережелері аумағында бұзушылық жасалған Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында көзделген санкцияларды Тараптар мемлекеттерінің тасымалдаушыларына қолдануды жоққа шығармайды.

15-бап

Осы Келісіммен, сондай-ақ екі Тарап та қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттармен реттелмеген мәселелер Тараптардың әрқайсысының мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес шешілетін болады.

16-бап

1. Осы Келісімнің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары осы Келісімнің іске асырылуына ықпал ететін өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының барлық өзгерістері туралы ақпаратпен өзара алмасады.

2. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер және консультациялар арқылы шешетін болады.

17-бап

1. Осы Келісімді іске асыру және халықаралық автомобиль тасымалдары саласында туындайтын мәселелерді шешу үшін Тараптар құзыретті органдар деңгейінде кездесулер өткізеді.

2. Кездесулер алдын ала бір ай бұрын дипломатиялық арналар арқылы жіберілетін Тараптардың бірінің құзыретті органдарының ұсынысы бойынша Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында кезекпен өткізіледі.

3. Тараптар осы бапты өздерінің орындауы барысында туындайтын шығыстарды, егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмейтін болса, дербес көтереді.

18-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен

толықтырулар енгізілуі мүмкін. Хаттамалар осы Келісімнің 20-бабында көзделген тәртіпке сәйкес күшіне енеді.

19-бап

Осы Келісім Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын, олар жасасқан басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттерін қозғамайды

20-бап

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы дипломатиялық жолмен соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тараптың осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде болады.

_____ жылғы " ____ " _____ қаласында әрқайсысы қазақ, армян және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтінге артықшылық берілетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Армян Республикасының
Үкіметі үшін